

ЖШС «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасында

болып өткен педагогикалық кеңестің

№ 1 хаттамасы

31 тамыз 2022 жыл

Жалпы педагог саны: 5

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: ЖШС «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасының
жаңа оқу жылына дайындығы.

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту. (меңгеруші Джамалбекова А.Б.)
2. Күн тәртібін пән мұғалімдерінің кестесін перспективалық жоспарды бекіту. (меңгеруші Джамалбекова А.Б.)
3. «Ұжымдық қарым қатынас» сауалнама.
4. Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы (әдіскер: Джамалбекова А.Б.)
5. Жазғы сауықтыру жұмысының қортындысы. (тәрбиеші: Сеитбекова А.А.)
6. Балабақшада аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту. (меңгеруші: Джамалбекова А.Б.)
7. Балабақшаның шығармашылық тобының құрамын бекіту. (меңгеруші: Джамалбекова А.Б.)
8. Жаңа технологияларды ойын барысында қолдану. (Тәрбиешілер: Торегелдиева Ж.Е., Зұлқайнарова С.Н.)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге балабақша меңгерушісі – Джамалбекова А.Б. сөз алды.

Тыңдалды: меңгеруші барлық педагогты 2022-2023 жаңа оқу жылымен құттықтап, балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығына тоқталды. Ол топтардың жаңа оқу жылына толықтай дайын екенін айтты. Топтардағы сөрелердің, ойын орталықтарының жаңа ойыншықтармен толықтырылғанын және тәрбиешілердің дидактикалық ойындармен толықтырғанын айтып өтті. Сондай-ақ 2022-2023 оқу жылының

жоспарымен таныстыра отырып, ұжымның келісімімен жылдық жоспарды бекітті. Жарыссөзге ұжым тарапынан ешкім шыққан жоқ.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші Джамалбекова А.Б. сөз алды.

Тыңдалды: 2022-2023 оқу жылының күн тәртібін, ҰІӨ кестелерін перспективалық жоспармен танысып, бекітіп беретінін ашып айтты. Жаңа оқу жылына арналған оқу жоспарынайтып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге балабақшаның тәрбиешісі-Шораева А.А. сөз алды.

Тыңдалды: ол «ұжымдық қарым – қатынас» тақырыбында ұжымдастардан сауалнама алды. сауалнаманың нәтижесін келесі педкеңесте айтатынын ескертті. Ұжымдастар сауалнаманы белсенділік таныта отырып толтырды.

Келесі мәселеге балабақша әдіскері Джамалбекова А.Б. сөз алды. тыңдалды: жаңа оқу жылына балабақшадағы топтардың барлығы сай екендігі айтылды. Топтағы сөрелер баланың бойына сай қойғаны және үлестірмелі материалдармен толықтырылғандығын айтып өтті. Иновациялық материалдармен педагогтарды таныстырды. Жарыссөзге шығушылар болған жоқ.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселеге мектепке дейінгі шағын орталығындағы меңгерушісі Джамалбекова А.Б. тоқталып өтті.

Тыңдалды: балабақшада аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту ұсынылды. Ұжымның келісімі бойынша төмендегі педагогтар сайланды.

1. Джамалбекова А.Б. – әдіскер
2. Сеитбекова А.А. – тәрбиеші

Жарыссөзге шығушылар болған жоқ.

Келесі сөзге балабақша меңгерушісі Джамалбекова А.Б. тоқталды.

Тыңдалды: балабақшада шығармашылық топ құру керектігі айтылды. Ұжымдастар бірауыздан бір ауыздан келісе отырып төмендегі педагогтарды шығармашылық топтың мүшелері болып сайланды.

3. Джамалбекова А.Б. – әдіскер
4. Торегелдиева Ж.Е. – тәрбиеші

Жарыссөзге ешкім шыққан жоқ.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселеге тәрбиешілер Торегелдиева Ж.Е., Зұлқайнарлова С.Н. тоқталып өтті.

Тыңдалды: жаңа технологияларды ойын барысында қолдану бойынша әр түрлі жастағы топтарға арналған ойындар көрсетілді. Кіші, ортанғы, ересек,

мектепалды дайарлық топтарының тәрбиеленушілеріне арналған жаңа технологиялармен бөлісті. Тәрбиешілер арасынан сұрақтар қойылған жоқ. Сондай – ақ жарыс сөзге ешкім шыққан жоқ.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

- 1) 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.
- 2) Күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, перспективалық жоспарлар бекітілсін.
- 3) Педагогтерден сауалнама алу жалғасын тапсын.
- 4) Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 5) Жазғы сауықтыру жұмысының қортындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
- 6) Балабақшада аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілсін.
- 7) Балабақшада шығармашылық топтың құрамы бекітілсін.
- 8) Жаңа технологияларда ойын барысында қолдану жалғасын тапсын.

Педагогикалық кеңес
төрайымы меңгерушісі:



Джамалбекова А.Б.

Педагогикалық кеңес
хатшысы:

Сеитбекова А.А.

ЖШС «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасында

болып өткен педагогикалық кеңестің

№ 2 хаттамасы

28 қазан 2022 жыл

Жалпы педагог саны: 5

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Баланың коммуникативтік дағдыларын дамыту.

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі (Джамалбекова А.Б.)
2. «Балабақшада ойын арқылы сөздік қорын дамыту жолдары» шебер класс (әдіскер: Джамалбекова А.Б.)
3. Ұжымға арналған тренинг «Педагогикалық ойын жаттығулары» (Тәрбиеші: Зұлқайнарова С.Н.)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге меңгеруші: Джамалбекова А.Б. сөз алды. тыңдалды: 2022-2023 оқу жылында бекітілген жылдық жоспар бойынша жұмыс жүріп жатқанын айтты. Сондай-ақ бекітілген күн тәртібі ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі перспективалық жоспардың талапқа сай орындалып жатқандығы айтылды. Сондай – ақ оқу процесінде, тәрбие процесінде жаңа технологиялардың қолданылып жатқандығын, шығармашылық топ мүшелерінің тиімді көмек беріп жатқандығына қанағаттанатынын атап айтты. Топтардағы пәндік – кеңістіктің дамушы орталарда балаларға сөздік қорларын дамытуға мүмкіндік беруді кеңінен қолға алу керектігін ескертті. Жарыссөзге шығушылар болған жоқ.

Келесі мәселеге балабақша әдіскер- Джамалбекова А.Б. сөз алды. Ол «Балабақшада ойын арқылы сөздік қорын дамыту жолдары» тақырыбында педагогтарға шебер класс өтті. Шебер класстың мақсаты: Баланың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Әдістемелік көмек көрсету. Әдіскер ең алдымен педагогтарды түрлі – түсті пішіндер арқылы төрт командаға бөліп алды. Бірінші командадағы педагогтар әр – түрлі тақырыптардағы суреттерден ойдан ертегі құрастырды. Екінші командадағы педагогтар тастанды ойыншықтардан

жіппен таяқшаларды пайдалану арқылы театр ұйымдастырды. Ал үшінші командадағы педагогтар визибордтар арқылы баланың тілін дамыту ойындарын пайдаланды. Төртінші командадағы педагогтар түрлі бөлшектерді біріктіру арқылы баланың тілін дамыту жолдарын тиімді пайдаланды. Әдіскердің педагогтарға ұсынған ойын түрлері ұнап, оң пікірлерін берді. Жарыссөзге шыққандар болған жоқ.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге мектепке дейінгі шағын орталығында тәрбиешісі Зұлқайнарова С.Н. сөз алды. Ол «Педагогикалық ойын жаттығулары» арқылы тренинг өткізді. Тренингке барлық педагогтар қатысты. Тәрбиеші педагогтарға бір – бірін құрметтеуге, өзара сыйластыққа жетелейтін тренинг өткізді. Педагогтар ойынды жақсы қабылдады. Тәрбиешінің ұйымдастырған тренингін қолдады. Жарыссөзге шығушылар болған жоқ. Осындай тенингтер жиі өткізіліп тұру керектігі ұсынылды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

- 1) Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2) Баланың тілін дамытуға арналған шебер - кластар жалғасын тапсын.
- 3) Ұжымға арналған психологиялық тренингтер көбейсін.

Педагогикалық кеңес
төрайымы меңгерушісі:



Джамалбекова А.Б.

Педагогикалық кеңес
хатшысы:

Сеитбекова А.А.

ЖШС «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасында

болып өткен педагогикалық кеңестің

№ 3 хаттамасы

20 желтоқсан 2022 жыл

Жалпы педагог саны: 5

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Баланың физикалық қасиеттерін дамыту жолдары».

1. «Баланың денсаулық сақтау дағдыларын дамыту» тақырыпта тексеру қортындысы. (медбике)
2. Ересек топтарда физикалық дағдыларын дамыту, қалыптастыру іс – әрекетінің сапасы. (тәрбиеші: Сеитбекова А.А.)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге балабақшаның медбикесі сөз алды. Тыңдалды: «Баланың топтарда физикалық, денсаулық сақтау дағдыларын дамыту» тақырыпта тексерудің қортындысын айтып өтті. Ол кіші топтарды тексеру барысында, таңғы жаттығуды, шынықтыру шараларының өз уақытында өтіліп жатқанын және балалардың денсаулық сақтау дағдыларының бір шама жоғарылағанын айтты. Ал тәрбиеші- Сеитбекова А.А. ересек топ балаларының денсаулық сақтау дағдыларының орта деңгейде қалыптасқанын айтты. Тақырыптық тексеру барысында балалардың таңғы жаттығуды, серуендегі қимылды ойындарды, ұйқы ашар жаттығуларының элементтерін орта деңгейде меңгеріп жатқанына тоқталды. Ересек топтардың денсаулық сақтау дағдыларының жоғары дәрежеде қалыптасқанын тақырыптық тексерудің нәтижесінде қол жеткендігін айтты. Жарыссөзге шығушылар болған жоқ.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мәселеге тәрбиеші Сеитбекова А.А. сөз алды.

Тыңдалды: дене тәрбие нұсқаушылары ересек топта физикалық дағдыларды қалыптастыру іс – әрекетінің сапасына тоқталды. «Дисней» ересек тобында физикалық дағдылардың дене шынықтыру арқылы, секірту сәттері арқылы, серуен арқылы, түрлі қимылды ойындар арқылы, ұйқы ашар жаттығулары арқылы жүзеге асып

жатқанынайтып өтті. Сонымен қатар, ересек топтарда физикалық дағдылардың жақсы қалыптасқанын ескертті. Жарыссөзге шығушылар болған жоқ.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

- 1) «Баланың денсаулық сақтау дағдыларын дамыту» тақырыпта тексеру қортындысы қанағаттандырарлық деп танылсын.
- 2) Ересек топтарда физикалық дағдыларды қалыптастыру іс – әрекетінің сапасы жоғары деңгейде деп танылсын.

Педагогикалық кеңес
төрайымы меңгерушісі:



Джамалбекова А.Б.

Педагогикалық кеңес
хатшысы:

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to the secretary.

Сейтбекова А.А.

ЖШС «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасында

болып өткен педагогикалық кеңестің

№ 4 хаттамасы

02 наурыз 2023 жыл

Жалпы педагог саны: 5

Қатысқаны: 5

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Балабақшада музыка ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тілдік ортаға енгізу әдісін қолдану.
3. Шығармашылық білім саласының қорытындысы.
4. Ұжымдық ұйымдастырылған оқу қызметіне ену.

1. **Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі – Джамалбекова А.Б. өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады. Коммуникация ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің өтілу сапасын арттыру мақсатында түрлі жаттықтыру жұмыстары жүргізілуде. Оң нәтижесін көрсетуде. Алдағы уақытта сапаны арттыру мақсатында тағы да жұмыстар жүргізілетін болады. Балаларды ағылшын тілі және орыс тілі пәнінен ойын арқылы ұйымдастыру жұмысын дамыту бойынша нәтиже бар екендігін айтып өтті әрі қарай жұмысты күшейту керектігін айтты.
2. **Тыңдалды:** Балабақшаның тәрбиешісі – Торегелдиева Ж.Е. сөз алды. Музыка ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тілдік ортаға енгізу әдісін қолдану бойынша баяндама дайындап, педагог қызметкерлермен пікір алмасты.
3. **Тыңдалды:** Балабақша әдіскері – Джамалбекова А.Б. сөз алды. Өз сөзінде шығармашылық білім саласы бойынша барлық топтардың


Ортаңғы және кіші топта жоғары және орта деңгей 45% , төмен деңгей – 55% -ды құрайды. Алдағы уақытта балалардың білім деңгейін көтеру мақсатында жұмыстарды дамыту қажет екендігін айтты. Педагогтарға тапсырмалар берілді.

4. **Тыңдалды:** Тәрбиеші – Зұлқайнарова С.Н. ұжымдық ұйымдастырылған оқу қызметіне ену бойынша айтып өтті.

Қаулы:


1. Өтілген педагогикалық кеңес нәтижесін қадағалауды өзіме жүктеймін.
2. Музыка ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тілдік ортаға енгізу әдісі қолданылсын.
3. Шығармашылық білім саласын дамыту жұмыстары күшейтілсін.
4. Ұжымдық ұйымдастырылған оқу қызметіне ену барысын қадағалауды әдіскерге жүктеймін.

Педагогикалық кеңес
төрайымы меңгерушісі:



Джамалбекова А.Б.

Педагогикалық кеңес
хатшысы:



Сеитбекова А.А.

ЖШС «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасында

болып өткен педагогикалық кеңестің

№ 5 хаттамасы

13 сәуір 2023 жыл

Жалпы педагог саны: 5

Қатысқандар саны: 5

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Шығармашылық» білім саласы. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін ойын арқылы дамыту және баланың эстетикалық-көркемдік дамуын қамтамасыз ету.

1.Әдіскер «Шығармашылық тәрбие арқылы баланың жағымды көңіл-күйін дамыту. Әдіскер: Джамалбекова А.Б.

2. Балаларды мүсіндеу сурет салу өнерін меңгертуде техникалық әдістерді дұрыс үйрету. (тәрбиеші: Шораева А.А.)

3. Педкеңес қортындысы шешім қабылдау (меңгеруші: Джамалбекова А.Б.)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Джамалбекова А.Б. сөз алды.

Тыңдалды: Балабақшада «Шығармашылық білім саласының баланы жан-жақты дамыту үшін өте тиімді екенін айтты. Себебі бала ойын арқылы барлық әрекетке тез бейімделетінін және тез қабылдайтынын айтып өтті. Әрі қарай осы мәселені балабақша әдіскері – Джамалбекова А.Б. сөз алды. Ол мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін ойын арқылы дамыту және баланың эстетикалық – көркемдік дамуын қамтамасыз ету» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада баланың шығармашылық қабілетін ашу үшін, оның танымдық қызығушылығын анықтау керектігі айтылды. Ал эстетикалық тәрбие эстетикалық қабылдау, эстетикалық сезім эстетикалық талғамнан тұратынын айтып өтті. Сондай ақ баланы бейнелеу өнері арқылы да талғамын дамытуға болатынын айтты. Баяндама өте түсінікті болғандықтан жарыс сөзге шығушылар болған жоқ. Баяндамада айтылған барлық ұсынымдармен толық келісті.

Екінші мәселе бойынша: балабақша тәрбиешісі- Шораева А.А. сөз алды:

Тыңдалды: Ол балаларды мүсіндеу, сурет салу, өнерін меңгертуде техникалық әдістерді дұрыс үйрету тақырыбында тәжірибие алмасты. Тәрбиеші: Шораева А.А. өз тәжірибесіне сүйене отырып, балаларға дәстүрден

тыс әдістерді пайдалана отырып, балалардың мүсіндеуге, сурет салуға деген қызығушылықтарын оятатынын айтты. Сонымен қатар, төмендегідей мысалдар келтірді; пластилинография, клексография, трафарет, жіппен сурет салу, балауызбен сурет салу сияқты бірнеше техникаларды үлгі ретінде көрсетті. Тәрбиешінің балаларға мүсіндеу, сурет салу өнерін меңгеруде техникалық әдістерін көре отырып жарыссөзге шығатындар болмады. Барлық педагогтар ризашылықтарын білдірді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Джамалбекова А.Б. сөз алды. Ол педагогикалық кеңестегі қойылған тақырыпқа сай жұмыстардың дұрыс бағытта жүргізіліп жатқанын айтып, алғысын білдірді. Балалардың жан – жақты дамуы үшін «Шығармашылық» білім саласының рөлі ерекше екенін атап айтты. Жарыс сөзге шығушылар болған жоқ.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Шығармашылық тәрбие арқылы баланы дамыту қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Түрлі техникаларды оқу қызметінде қолдану жалғасын тапсын.
3. Шығармашылық білім саласында ойын түрлері кеңінен қолданылсын.

Педагогикалық кеңес
төрайымы меңгерушісі:



Джамалбекова А.Б.

Педагогикалық кеңес
хатшысы:

Сеитбекова А.А.